

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы.....
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты.....
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері.....
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең.....

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.....
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жағдайда).....

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.....
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар.....
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.....
- 3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.

Шымкент қаласы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
Н.А.Нәлібаевқа

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1. Бюджет қаражатының жоспарлануы және бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік өтінімдердің әзірленуін талдау;

2. Бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде бюджеттен бөлінген қаржыларды пайдалану тиімділігіне және бюджет қаржысының мақсатты жұмсалуды және түпкілікті нәтижеге қол жеткізілуіне талдау жүргізу, баға беру;

3. Бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің және есеп жасаудың толықтығы мен анықтығын талдау;

1.3. Мемлекеттік аудит объектісі: «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті» (бұдан әрі - Департамент).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2019 жыл – 31.12.2024 жыл.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Департамент Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органы болып табылады және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігі, азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру салаларындағы басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы №847 қаулысына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі және кейбір мәселелер туралы» қайта ұйымдастыру министрліктер жүйесінде жүзеге асырылған.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап, Департаментке келесі мекемелер қосылды:

- республикалық мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша төтенше жағдайлар департаменті»;

- республикалық мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы бойынша өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі»;

- республикалық мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы».

Қайта ұйымдастыруға дейін аталған республикалық мемлекеттік мекемелер дербес заңды тұлғалар болған.

Қазіргі уақытта, штаттық кестеге сәйкес, Департаменттің құрамына:

- 9 басқармасы: *Жоспарлау және жедел басқару орталығы, Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасы, Төтенше жағдайларды жою басқармасы, Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы, Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру басқармасы, Азаматтық қорғаныс басқармасы, Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасы, Кадр және тәрбие жұмысы басқармасы, Қаржылық қамтамасыз ету басқармасы;*

- 5 бөлімшесі: *Ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс бөлімі, Анықтау бөлімі, Жұмылдыру дайындығы бөлімшесі, Тылдық қамтамасыз ету бөлімі, Жедел-құтқару жасағы;*

- 6 тобы: *Тылдық қамтамасыз ету бөлімі, Психологиялық қызмет тобы, Мемлекеттік құпияларды қорғау тобы, Қорғалған байланыс тобы, Заң тобы, Имидждік жұмыс және сыртқы коммуникациялар тобы, Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту тобы;*

- 1 жедел-құтқару жасағы;

- 5 аудандық төтенше жағдайлар басқармасы: *Абай ауданының төтенше жағдайлар басқармасы (ПЧ-1), Әл-Фараби ауданының төтенше жағдайлар басқармасы (ПЧ-3), Еңбекші ауданының төтенше жағдайлар басқармасы (ПЧ-2, ПЧ-4, ПЧ-7, ПЧ-8), Қаратау ауданының төтенше жағдайлар басқармасы (ПЧ-6, СПЧ-9), «Тұран» ауданының төтенше жағдайлар басқармасы (Мамандандырылған жасақ, ПЧ-5) кіреді.*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексінің» 31 бабының 3 тармағына сәйкес (*Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі істер органдарын және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерін қоспағанда, мемлекеттік органдардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бола алмайды*), Департамент құрылымдық және аумақтық бөлімшелер бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған бюджеттік өтінімді қалыптастырып, жергілікті бюджеттен негізгі құралдарды сатып алады.

Бұдан әрі "Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы №616 қаулысының 2-тармағының 4-тармақшасы негізінде коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі республикалық меншікке мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен және мүлік теңгеріміне берілетін республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің қаулысы негізінде беріледі.

2019 жылы Департамент жергілікті бюджет есебінен 126 089,1 мың теңге сомасында негізгі құралдарды сатып алынған, олар 2020 жылы Департаменттің коммуналдық меншігінен республикалық меншігіне берілген (негіздеме – Департаментінің 13.01.2020 жылғы №29-10/451 хаты, Шымкент қаласы әкімінің 02.10.2020 жылғы №609 «Республикалық меншікке беру туралы» қаулысы, 16.10.2020 жылғы қабылдау-тапсыру актісі).

2020 жылы Департамент жергілікті бюджет есебінен 338 709,1 мың теңге сомасында негізгі құралдарды сатып алынған, олар 2021 жылы коммуналдық меншіктен республикалық меншікке берілген (негіздеме – Департаментінің 19.04.2021 жылғы №21-03-10-13/977 хаты, Шымкент қаласы әкімінің 07.06.2021 жылғы №449 «Республикалық меншікке беру туралы» қаулысы, 16.06.2021 жылғы қабылдау-тапсыру актісі).

2021 жылы Департамент жергілікті бюджет есебінен 31 584,4 мың теңге сомасында негізгі құралдарды сатып алынған, олар 2022 жылы коммуналдық меншіктен республикалық меншікке берілген: 12 317,0 мың теңге сомасында (негіздеме – Департаментінің 19.07.2021 жылғы №21-03-10-13/1772-И хаты, Шымкент қаласы әкімінің 18.08.2021 жылғы №781 «Республикалық меншікке беру туралы» қаулысы, 14.09.2021 жылғы қабылдау-тапсыру актісі); 19 267,4 мың теңге сомасында (негіздеме – Департаментінің 24.11.2021 жылғы №21-03-10-06/2813-И хаты, Шымкент қаласы әкімінің 30.12.2021 жылғы №1721 «Республикалық меншікке беру туралы» қаулысы, 12.01.2022 жылғы қабылдау-тапсыру актісі).

2022 жылы Департамент жергілікті бюджет есебінен 400 865,6 мың теңге сомасында негізгі құралдарды сатып алынған, олар 2023 жылы коммуналдық меншіктен республикалық меншікке берілген (негіздеме – Департаментінің 24.01.2023 жылғы №21-03-11-06/113-И хаты, Шымкент қаласы әкімінің 26.05.2023 жылғы №1263 «Республикалық меншікке беру туралы» қаулысы, 09.06.2023 жылғы қабылдау-тапсыру актісі).

2023 жылы Департамент жергілікті бюджет есебінен 350 430,9 мың теңге сомасында негізгі құралдарды сатып алынған, олар 2024 жылы коммуналдық меншіктен республикалық меншікке берілген (негіздеме – Департаментінің 16.01.2024 жылғы №21-03-11-06/75-И хаты, Шымкент

қаласы әкімінің 09.04.2024 жылғы №1733 «Республикалық меншікке беру туралы» қаулысы, 24.04.2024 жылғы қабылдау-тапсыру актісі).

2024 жылы Департамент жергілікті бюджет есебінен 466 770,9 мың теңге сомасында негізгі құралдарды сатып алынған, олар 2025 жылы коммуналдық меншіктен республикалық меншікке берілген (негіздеме – Департаментінің 22.04.2025 жылғы №21-03-09-01/727 хаты, Шымкент қаласы әкімінің 11.07.2025 жылғы №3764 «Республикалық меншікке беру туралы» қаулысы, 24.04.2024 жылғы қабылдау-тапсыру актісі).

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында, жергілікті бюджет есебінен сатып алынған мүлікті республикалық меншікке берудің ұзаққа созылған процесі байқалады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған қаражат көлемі 2 026 890,0 мың теңгені құрады.

Мемлекеттік аудит қорытындысы жүйелі кемшіліктердің бар екендігін, бюджет қаражатын жоспарлау және іске асыру барысында Департамент тарапынан тиісті мониторинг пен бақылаудың жоқтығын көрсетеді.

Осы факторлар жалпы 47 240,4 мың теңге құрайтын бұзушылықтарға алып келді, оның ішінде:

1) қаржылық бұзушылықтар 10 232,4 мың теңге, оның қалпына келтірілуге жататыны 10 232,4 мың теңге.

2) бюджет қаражатының тиімсіз пайдалану 23 967,0 мың теңге;

3) бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлау 13 041,0 мың теңге;

Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны 11 бірлікті құрады.

Қаржылық бұзушылықтар бойынша 10 232,4 мың теңге, атап айтқанда:

Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі бұзушылықтар 10 232,4 мың теңге, оның ішінде:

1) 358,4 мың теңгеге Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» қағидасының 280 тармағының талаптары сақталмаған. Департамент 2024 жылы сатып алынған негізгі құралдарды, бақылау тексерісі кезінде мобильдік цифрлық УКВ радиостанциясы болмауы анықталды (түгендеу нөмірі 236009000488, құны 358,4 мың теңге).

2) 9 874,0 мың теңгеге Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» қағидасының 250 тармағының талаптары сақтамаған.

Мемлекеттік мекеме негізгі құралдар объектісінің түсімін Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және бюджеттік қаржыландыру есебінен немесе ақылы қызметтер, филантропиялық (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызметтен

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражатын пайдалану
тиімділігіне мемлекеттік аудит» аудиторлық
іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне»
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

ГУ «Ревизионная комиссия Аудитору Шымкент» ААҒабеков М А

**ШЫМКЕНТ
2025 жыл**

бойынша жыл бойын жалпы 179 943,0 мың теңге қысқартылған, атап айтқанда бекітілген бюджетте департамент қызметкерлеріне 63 дана газқағарларды сатып алуға жоспарланған 2 727,0 мың теңге қараша айында толық қысқартылған, 4 704,0 мың теңгеге 10 дана стационарлық радиостанция, 21 дана мобильді радиостанция сатып алуға қаралған 8 816,0 мың теңге қараша айында толық қысқартылған, сығылған ауасы бар тыныс алу аппаратының 100 кешенін сатып алу шығындарына қаралған 163 697,0 мың теңге қараша айында толық қысқартылғаны анықталған (анықтама: Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында «Шымкент қаласы бюджетін 2022 жылға жоспарлау барысында бюджет заңнамасының сақталуына және 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасын өткізу аясында 179 943,0 мың теңге қысқартылғаны анықталған).

2024 жылы 003 015 «Аумақтық органның және ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасынан - 100 жиынтық сығылған ауадағы тыныс алу аппараттарын сатып алуға 270 900,0 мың теңге жоспарланған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жеке кәсіпкер «Aisin Service» жеңімпаз болып танылып 2024 жылғы 11 қарашада №186/24 шарт түзілген. Алайда, шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізілуі қажет 3 пайызы мөлшеріндегі шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы өнім берушімен енгізілмеуіне байланысты Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №6641 қаулысымен 270 900,0 мың теңге қысқартылғаны анықталған (анықтама: Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында «Шымкент қаласы бюджетін 2024 жылға жоспарлау мен орындалуы тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» іс-шарасын өткізу аясында 270 900,0 мың теңге қысқартылғаны анықталған).

«Рәсімдерді орындау тәртібі бойынша 11 бірлік бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

11 рәсімдік бұзушылықтардың ішінде бюджет қаражатын пайдалану барысында 5 бірлік, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласында 6 бірлік.

Соның ішінде, келесі заңнамалардың талаптарының бұзылуына жол берілген, атап айтқанда:

1) 2024 жылы 003015 «Аумақтық органның және ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама бойынша 10 тікелей нәтиже көрсеткіштері жоспарланса, нақты 9 құрап, 3 дана насос станциясы жеткізілмеуінен 1 тікелей көрсеткіш және 1

түпкі нәтиже көрсеткіш орындалмаған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 6, 13)-тармақшаларының, Бюджет кодексінің 104-бабының 6 тармағының талаптары сақталмаған.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 6 тармағының талаптары сақталмай (нәтижелілік қағидаты—стратегиялық жоспарларда, аумақтарды дамыту бағдарламаларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару), 2021, 2022, 2023, 2024 жылдардағы Департаментке қатысты индикатор бекітіліп, қол жеткізілмегені анықталды. Атап айтқанда:

2) 2021 жылы Департаментке қатысты 4 индикатор бекітіліп, 2 индикаторға қол жеткізілмеген. Материалдық-техникалық құралдарды сатып алуға 229 бірлік орнына 114 бірлікке дейін төмендетілген. «Азаматтық қорғау органдарын авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін бірінші кезектегі материалдық-техникалық құралдармен жарактандыру деңгейі» индикаторы 74,8% орындалған (жоспар 76,8%).

Қаланың 6 елді мекенінде Бадам өзенінің арнасын түзету және жағалауды нығайту жұмыстарын түзетуге жобалау-сметалық құжаттаманы және сараптаманы ресімдеу кезінде мерзімдерді ұзартылған. «Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суынан қорғау деңгейі» индикаторы орындалмаған (жоспар 54,5%).

3) 2022 жылы Департаментке қатысты 4 индикатор бекітіліп, 1 индикаторға қол жеткізілмеген. Қаржыландырудың болмауынан, жобалық-сметалық құжаттама 5,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылған. «Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суынан қорғау деңгейі» индикаторы 9,1% гана орындалған (жоспар 72,7%).

4) 2023 жылы Департаментке қатысты 4 индикатор бекітіліп, 3 индикаторға қол жеткізілмеген. №5 өрт сөндіру бөлімін күрделі жөндеуге бюджет қаражатының игерілмеуіне байланысты, «Төтенше жағдайларға ден қою үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі» индикаторы 48,5% гана орындалған (жоспар 66,7%).

Техникалық қадағалаудан рұқсат алмағандықтан, «Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суынан қорғау деңгейі» индикаторы 9,1% гана орындалған (жоспар 90,9%).

Жоспарланған 22 сиренно-сөйлеу құрылғының орнына 20 сиренно-сөйлеу құрылғысы сатып алынған. «ТЖ қаупі төнген кезде халықты хабардар ету деңгейі» индикаторы 87,5% орындалған (жоспар 87,9%).

5) 2024 жылы Департаментке қатысты 4 индикатор бекітіліп, 2 индикаторға қол жеткізілмеген. №5 өрт сөндіру бөлімін күрделі жөндеуге бюджет қаражатының игерілмеуіне байланысты, «Төтенше жағдайларға ден қою үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі» индикаторы 48,5% ғана орындалған (жоспар 66,7%).

Ақжар су қоймасы мен Ақсай-Қарабастау каналын күрделі жөндеу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау және мемлекеттік сараптамадан өту кезінде мерзімдер кешіктірінен, «Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суынан қорғау деңгейі» индикаторы 72,7% ғана орындалған (жоспар 90,9%).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, үйлестіруші Департамент, жауапты орындаушылар - Шымкент қаласының құрылыс басқармасы, Шымкент қаласы жайлы және қалалық ортаны дамыту басқармасы және мердігер ұйымдар болып табылатындығын атап өтіледі.

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» қағидасының 5-тарауның 16 тармағының талаптары сақтамаған. 2024 жылғы Департамент сатып алынған 2 дана жарықтандыру мұнарасын (световая башня) бухгалтерлік есепке алу барысында 2383 «Өзге негізгі құралдар» шотының орнына 2370 "Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы" шоты бойынша таңдалып кеткен.

7) 2020 жылғы Департаментте №ОС-9 нысаны №__ мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдар, инвестициялық жылжымайтын мүлікті топтық есепке алу түгендеу карточкасы жүргізілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а.2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» 1-қосымшасындағы «№__ мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдар, инвестициялық жылжымайтын мүлікті топтық есепке алу түгендеу карточкасы»-деген талабы сақталмаған.

8) Аудит жүргізу барысында Департаментінің тауарлы құндылықтарына ішінара түгендеу (бақылау өлшемі) жүргізіліп, анықталғаны:

2019 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға (планшет, термопринтер) 470,5 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

9) 2021 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға (интерактивті тақта, компьютер) 1 086,4 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

10) 2022 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға (радиостанция) 459,9 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

11) 2024 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға 467 443,4 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» қағидасының 280 тармағының талаптары сақтамаған.

2024 жылдың 4-тоқсанында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ тарапынан 56 858,8 мың теңгеге ұсынған электрондық шот-фактурасы есебінен кредиторлық берешек қалыптасқан.

Кредиторлық қарыздарды бөлдірмау мақсатында Департамент тарапынан қаржы жоспарына уақтылы өзгеріс енгізуді, мердігерлер тарапынан қабылданған міндеттемелерін уақытылы, сапалы орындалуын қамтамасыз етуді және байланыс қызметтерін пайдалану үшін тиесілік нормаларының, нақты қажеттілік талабын сақтай отырып шығындарды жоспарлауы қажет.

Бақылау тексеру жүргізілген кезінде 2019 жылда 974,4 мың теңгеге 30 дана сатып алынған термопринтерлер бүгінгі таңда Департаментінің қоймасында жиі пайданылмай тұрғандығы анықталды.

Департаменттің мәліметі бойынша, 2020 жылғы 16 наурыздан бастап Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты өрт қауіпсіздігі саласында бақылауға жататын нысандарда мемлекеттік қадағалау жұмыстары тоқтатылған. Карантиндік шектеулер 2021 жылдың соңына дейін әрекет еткен.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі №85 бұйрығына («Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы») сәйкес (2-тарау «Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ЕРАП жүргізудің ерекшеліктері»), сондай-ақ "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V ҚР Заңына сәйкес ҚРЗ, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар негізінен электрондық форматта жасалады, ал қағаз тасығышта сирек жасалады.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау:

Шымкент қаласы үшін азаматтық қорғау саласының стратегиялық маңызы бар.

Мегаполисте жаңа ТЖ бөлімшелері салынуда және шығу уақытын қысқарту және тұрғындарды төтенше жағдайлардан қорғау үшін техника жаңартылған.

Жеке құрамға, ардагерлерге арналған емхана ашылған.

Бүгінгі таңда Шымкент қаласында 10 өрт сөндіру бөлімі жұмыс істейді. Биыл жергілікті биліктің қолдауымен тағы 5, оның ішінде жаңа Тұран ауданындағы ірі типтік депо құрылысы жүргізілуде. Мамандандырылған машиналардың автопаркі айтарлықтай жаңартылған - қырыққа жуық техника көп болды.

Сондай-ақ, өрттің себептерін анықтауға, материалдардың тұтанғыштығын талдауға және өрт қауіптілігі деңгейін бағалауға арналған аймақтағы алғашқы мамандандырылған өртті зерттеу зертханасы Департаменттің бөлемі ретінде ашылған.

Аудитпен қамтылған кезеңде Шымкент қаласының үлесіне республика бойынша тіркелген 86778 төтенше жағдайлардың жалпы санынан 2,2% немесе 1906 жағдай келеді (2019 жылы 242 немесе 12,7%, 2020 жылы 233 немесе 12,2%, 2021 жылы 241 немесе 12,6%, 2022 жылы 247 немесе 13%, 2023 жылы 280 немесе 14,7%, 2024 жылы 412 немесе 21,6%, 6 ай 2025 жылы 241 немесе 12,6%).

Оның ішінде техногендік сипаттағы 1782 (2019 жылы 210, 2020 жылы 218, 2021 жылы 228, 2022 жылы 229, 2023 жылы 267, 2024 жылы 397, 6 ай 2025 жылы 233) табиғи сипаттағы 124 (2019 жылы 32, 2020 жылы 15, 2021 жылы 13, 2022 жылы 18, 2023 жылы 13, 2024 жылы 15, 6 ай 2025 жылы 8).

Нәтижесінде 52 413 адам зардап шекті (2019 жылы 114, 2020 жылы 5 592, 2021 жылы 36730, 2022 жылы 9773, 2023 жылы 129, 2024 жылы 56, 2025 жылы 6 айда 36), оның ішінде 1330 адам немесе 2,7% қайтыс болды (2019 жылы 20, 2020 жылы 89, 2021 жылы 1109, 2022 жылы 65, 2023 жылы 22, 2024 жылы 16, 2025 жылы 6 айда 9).

Барлық төтенше жағдайлардың ішінде өрт жоғары үлесті 78,4% немесе 1494 жағдайды құрайды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларға ден қоюдың тиімді жүйесі төтенше жағдайлардың салдарын барынша азайтуда және халықты қорғауда маңызды рөл атқарады.

Мәселен, Шымкент қаласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының көрсеткіштерінен

декомпозицияланган 4 индикатор және «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы енгізілген, онда үйлестіруші Департамент белгіленген.

III. Қорытынды бөлік.

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Мемлекеттік аудит барысында шаралар қабылданған жоқ.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша 47 240,4 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы өзге де заңнама талаптарының сақталмауына жол берілген, оның ішінде: 10 232,4 мың теңге қаржылық бұзушылықтар, 13 041,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған және 23 967,0 мың теңге тиімсіз пайдаланылған бұзушылықтары орын алған. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны 11 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар қолданыстағы бюджеттік және басқа да заңнамалардың талаптарын дұрыс басшылыққа алмағандығынан орын алған.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы:

Арнайы көрсеткіштер:

Өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуы және жергілікті бюджеттің жоспарлануы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексінің» 4-бабының 6), 12) және 13) тармақшаларының негізділік, тиімділік қағидаттарының және жауапкершілік принциптерінің талаптары сақталмай, 2019 жылы 003 015 413-ерекшелік бойынша 3 дана пилотсыз ұшу аппаратына 13 041,0 мың теңге сатып алуға жоспарланып, шілде айында толық қысқартылған. 414 "Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамат құралдарын сатып алу" ерекшелігінің орнына 413 "Көлік құралдарын сатып алу" ерекшелігі бойынша жалпы сомасы 13 041,0 мың теңгеге бюджет қаражаты жоспарланған.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

Арнайы көрсеткіштер:

Мемлекеттік аудит объектісінің бөлінген ресурстардың көлемін жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда міндеттер мен функцияларды іске асырудың нақты нәтижелеріне қол жеткізуі.

2024 жылы 003015-414- ерекшелігі бойынша Департаментке 3 дана насос станциясы жеткізілмеуінен 23 967,0 мың теңге игерілмеген. Департамент тарапынан тиісті шаралар қабылданып, жеткізуші ЖК «Sturm» мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану үшін сотқа талап арыз жолданған. Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 10 ақпандағы № 5265-25-00-2/140 іс шешіміне сәйкес ЖК «Sturm» мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4-бабы 6), 12), 13) тармақшаларының талаптары сақталмаған.

2024 жылы 003015 «Аумақтық органның және ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарлама бойынша 10 тікелей нәтиже көрсеткіштері жоспарланса, нақты 9 құрап, 3 дана насос станциясы жеткізілмеуінен 1 тікелей көрсеткіш және 1 түпкі нәтиже көрсеткіш орындалмаған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 6, 13)-тармақшаларының талаптары (нәтижелілік қағидаты–стратегиялық жоспарларда, аумақтарды дамыту бағдарламаларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару), Бюджет кодексінің 104-бабының 6 тармағының талаптары (бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы бюджеттік бағдарлама нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізбеуге әкеп соққан бюджет қаражатын игермегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады) сақталмаған.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 6 тармағының талаптары сақталмай (нәтижелілік қағидаты–стратегиялық жоспарларда, аумақтарды дамыту бағдарламаларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару), 2021, 2022, 2023, 2024 жылдардағы Департаментке қатысты индикатор бекітіліп, қол жеткізілмегені анықталды. Атап айтқанда: 2021 жылы «Азаматтық қорғау органдарын авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін бірінші кезектегі материалдық-техникалық құралдармен жарақтандыру деңгейі» индикаторы 74,8% орындалған (жоспар 76,8%).

2022 жылы «Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суынан қорғау деңгейі» индикаторы 9,1% ғана орындалған (жоспар 72,7%).

2023 жылы «Төтенше жағдайларға ден қою үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі» индикаторы 48,5% ғана орындалған (жоспар 66,7%).

«Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суынан қорғау деңгейі» индикаторы 9,1% ғана орындалған (жоспар 90,9%).

«ТЖ қаупі төнген кезде халықты хабардар ету деңгейі» индикаторы 87,5% орындалған (жоспар 87,9%).

2024 жылы «Төтенше жағдайларға ден қою үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі» индикаторы 48,5% ғана орындалған (жоспар 66,7%).

«Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суынан қорғау деңгейі» индикаторы 72,7% ғана орындалған (жоспар 90,9%).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, үйлестіруші Департамент, жауапты орындаушылар - Шымкент қаласының құрылыс басқармасы, Шымкент қаласы жайлы және қалалық ортаны дамыту басқармасы және мердігер ұйымдар болып табылатындығын атап өтіледі.

Жүргізілген аудиттің қорытындысы бойынша, орындалмаған индикаторлар бөлігінде тиісті жұмыстарды қарастырылуға үшін Шымкент қаласының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасына тиісті хат жолдансын.

Бақылау тексеру жүргізілген кезінде 2019 жылда 974,4 мың теңгеге 30 дана сатып алынған термопринтерлер бүгінгі таңда Департаментінің қоймасында жиі пайданылмай тұрғандығы анықталды.

Департаменттің мәліметі бойынша, 2020 жылғы 16 наурыздан бастап Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты өрт қауіпсіздігі саласында бақылауға жататын нысандарда мемлекеттік қадағалау жұмыстары тоқтатылған. Карантиндік шектеулер 2021 жылдың соңына дейін әрекет еткен.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі №85 бұйрығына («Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы») сәйкес (2-тарау «Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ЕРАП жүргізудің ерекшеліктері»), сондай-ақ "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V ҚР Заңына сәйкес ҚРЗ, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар негізінен электрондық форматта жасалады, ал қағаз тасығышта сирек жасалады.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мәнділік-мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы

нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған Квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.

Арнайы көрсеткіштер:

Туісті қызметтерді ұсыну кезінде қаржылық және материалдық ресурстарды үнемді пайдалану арқылы мекеменің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

2019 жылғы 3210 шоты бойынша айналым-сальдо ведомосінде 9 874,0 мың теңге сомасының орнына 19 748,0 мың теңге сомасы көрсетілген (414 "машиналарды, жабдықтарды, өндірістік және шаруашылық мүкәммал құралдарын сатып алу" ерекшелігінің орнына 413 "Көлік құралдарын сатып алу" ерекшелігі қате жоспарланған).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» қағидасының 250 тармағының талаптары сақтамаған.

2024 жылғы Департамент сатып алынған 2 дана жарықтандыру мұнарасын (световая башня) бухгалтерлік есепке алу барысында 2383 «Өзге негізгі құралдар» шотының орнына 2370 "Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы" шоты қате таңдалып кеткен.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» қағидасының 5-тарауының 16 тармағының талаптары сақтамаған.

2020 жылғы Департаментте №ОС-9 нысаны №__ мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдар, инвестициялық жылжымайтын мүлікті топтық есепке алу түгендеу карточкасы жүргізілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а.2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» 1-қосымшасындағы «№__ мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдар, инвестициялық жылжымайтын мүлікті топтық есепке алу түгендеу карточкасы»-деген талабы сақталмаған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» қағидасының 280 тармағының талаптары сақтамай, 2019, 2021, 2022, 2024 жылдардағы жергілікті бюджет қаражаты

есебінен сатып алынған негізгі қорларға (планшет, термопринтер, интерактивті такта, компьютер, радиостанция және т.б.) барлығы 469 460,2 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген. Атап айтқанда:

2019 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға (планшет, термопринтер) 470,5 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

2021 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға (интерактивті такта, компьютер) 1 086,4 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

2022 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға (радиостанция) 459,9 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

2024 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға 467 443,4 мың теңге сомасына түгендеу нөмірлері белгіленбеген.

Біздің пікірімізше, жергілікті бюджет есебінен сатып алынған мүлікті республикалық меншікке берудің ұзаққа созылған процесі (*бір жыл ішінде*), сондай-ақ күрделі ұйымдастырушылық құрылым бұзушылықтың осы түріне алып келген.

Департамент 2024 жылы сатып алған негізгі құралдарды бақылау тексерісі кезінде мобильдік цифрлық УКВ радиостанциясы болмауы анықталды (түгендеу нөмірі 236009000488, құны 358,4 мың теңге).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» қағидасының 280 тармағының талаптары сақтамаған.

2024 жылдың 4-тоқсанында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ тарапынан 56 858,8 мың теңгеге ұсынған электрондық шот-фактурасы есебінен кредиторлық берешек қалыптасқан.

Кредиторлық қарыздарды болдырмау мақсатында Департамент тарапынан қаржы жоспарына уақтылы өзгеріс енгізуді, мердігерлер тарапынан қабылданған міндеттемелерін уақытылы, сапалы орындалуын қамтамасыз етуді және байланыс қызметтерін пайдалану үшін тиесілік нормаларының, нақты қажеттілік талабын сақтай отырып шығындарды жоспарлауы қажет.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

1. «Жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит» аудиторлық іс-шарасының нәтижесі бойынша аудиторлық қорытындыны тексеру комиссиясының отырысында қарауды және бекітуді ұсынамын.

1. Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті басшысына:

- 1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;
- 2) Орындалмаған индикаторлар бөлігінде себептерін талдап, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарды одан әрі жою жөнінде тиісті шаралар қабылдансын;
- 3) 2019 жылғы 3210 шоты бойынша айналым-сальдо ведомосінде анықталған 9 874,0 мың теңге айырмашылықты қалпына келтіру бойынша тиісті жұмыстар атқарылсын;
- 4) 2024 жылы сатып алынған ультра қысқа толқынды радиостанцияны (түгендеу нөмірі 236009000488, құны 358,4 мың теңге) қалпына келтіру бойынша тиісті жұмыстар атқарылсын;
- 5) Жалпы құны 469 460,2 мың теңге құрайтын 2019, 2021, 2022, 2024 жылдардағы жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған негізгі қорларға (планшет, термопринтер, интерактивті тақта, компьютер, радиостанция және т.б.) түгендеу нөмірлері беру жұмыстар жүргізілсін.

Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2025 жылдың 01 желтоқсанына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізімі мен кестесі 6 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі

Ж.Сәдібеков

**Мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудитор**

Г.Елшибаев

**Әкімшілік-заң және персоналды
басқару бөлімінің
бас инспектор- заң кеңесшісі м.а.**

Е. Есиркепов

**Жоспарлау, талдау, есептілік және
сапаны бақылау бөлімінің басшысы**

Д.Кенже

**Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік
аудитор**

Г. Бармакова